

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ

ДЕПУТАТЫ



ДЕПУТАТ

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____

№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламентта

« __ » _____ 20 __ года

2024 жылғы 13 наурызда жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрдің
орынбасары
Т.Б. Дүйсеноваға

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
Е.С. Саденовқа

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Тамара Босымбекқызы!

Құрметті Ержан Сапарбекұлы!

Бұл депутаттық сауалда көтерілетін мәселе емес еді. Алайда **4-5 сынып оқушыларының** еш кедергісіз насыбай атып жүргенін көріп, еріксіз дабыл қағуға мәжбүрміз.

Занда шектеу қойылғанына қарамастан, бұл зиянды зат сауда орындарында, базарлар мен дүкендерде бала деп, жас деп қарамай, еркін сатылуда. Бағасы да қолжетімді, ал зияны шаш етектен. Оның үстіне, бүгінде формасын өзгертіп, кәдімгі қалташадағы шай секілді қораптап, шақшалап, түрлендіріп ұсынуда. «Жевательный табак», «Снюс», «Шайба» деген атаулармен таралуда.

Насыбай – не мәдениетке, не әдепке, не гигиенаға сай келмейтін жиіркенішті қалдықтардан жасалатын зат. Өкінішке қарай, бұрын оны тек үлкен адамдар ататын болса, қазіргі кезде мұнымен балғын жастар, тіпті болашақ ана болар қыздар да әуестенетін болған. Олардың саны жыл сайын артуда.

Бұған қоса, ел үміт күтіп отырған спортшы жастар арасында да бұл кері әдеттің қалыпты жағдайға айналғанын қалай түсінуге болады?!

Кейбір деректер бойынша, **халықтың 10 пайыздан астамы** насыбайды қолданады екен.

Ең қауіптісі – оның құрамында қандай улы заттардың бар екенінің белгісіз болуы.

Әдетте, оның құрамында химиялық заттар, әк, сексеуіл, арша, тобылғы ағаштарының күлі болады. Уытын арттыру үшін тауықтың саңғыры, түйенің тезегі де қосылады екен. Насыбайды мұқият зерттеген мамандар бұдан бөлек, оған **есірткі мен психотропты заттардың да қосылғанын** анықтаған. Бұлардың тұтынған адамды тез тәуелділікке ұшырататыны сөзсіз.

Швед ғалымдары да бұған зерттеу жүргізіп, насыбайдың құрамынан **хром, никель, кадмий, қорғасын, күшәла секілді химиялық заттарды** тапқан. Бұлардың барлығы да қалыпты мөлшерден әлдеқайда артық болған.

Еліміздің дәрігерлері насыбай атудың адамды тәуелділікке ұшыратумен қатар, түрлі ауруларға да душар ететінін айтады. Тіпті ол **қатерлі ісікке, ұрпақсыздыққа апаратыны ғылыми дәлелденген.**

Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты мамандарының айтуынша, насыбай тұтыну ауыз қуысының қатерлі ісігінің дамуына әкеледі екен. Олар соңғы кездері насыбайдың салдарынан қатерлі ісікке шалдыққандар арасында жастардың көбейіп кеткенін жеткізді.

Сондықтан елді улап отырған бұл қатерлі дертті ауыздықтап, оның таралуына мүлдем тосқауыл қою қажет.

Атап өткеніміздей, **елімізде насыбайға заң жүзінде шектеу қойылғанымен, орындалуында осалдық** танытып отырмыз.

Мәселен, насыбай саудасымен ұсталғандарға әуелі ескерту жасалып, кейіннен небәрі 5 айлық есепті көрсеткіш мөлшеріндегі айыппұл салынады екен. Ал шағын және орта кәсіпкерлерге салынатын айыппұл мөлшері – 20 айлық есептік көрсеткіш қана. Саудагерлер мұны шыбын шаққан құрлы көрмей отыр.

Сондықтан ұлт денсаулығына нұқсан келтіретін, ұрпағымызды улайтын, қазаққа жат әдеттен арылуымыз керек. Арнайы органдар сауда орындарына қатысты шешім шығарып, жас ұрпақты улап отырғандарға қатысты кешенді шара қабылдауы тиіс.

Кезінде жат елдің «носовой» деген сөзінен «насыбайға» айналып, қолданысқа енген бұл зиянды әдет туралы бабаларымыз былай деген екен:

**«Жігіттер, атпаңыздар насыбайды,
Нас атсаң лас боларсың басыбайлы».**

Ендеше, бесіктен белі шықпаған жас буынды лас әдеттен қорғайық!

**Құрметпен,
«AMANAT» фракциясының
депутаттары**

Жарқынбек Амантайұлы

Жұлдыз Сүлейменова

Ерболат Сатыбалдин

Данабек Исабеков

Үнзила Шапақ

**«Respublica» партиясы
фракциясының депутаты**

Нүргүл Тау

**«Ақ жол» Қазақстан
Демократиялық
партиясы фракциясының
депутаты**

Ержан Бейсенбаев

**Қазақстан Халық партиясы
фракциясының депутаты**

Ирина Смирнова

*Орын.: Ә.Сәруарова
74-61-76*